

**Бос жұмыс орындарына лауазымдарға орналасуға конкурсқа хабарландыру
«Арнайы білім беру ұйымының тәрбиешісі»**

Бос жұмыс орындарына лауазымдарға орналасуға құжаттарды тапсыру «Арнайы білім беру ұйымының тәрбиешісі» жарамды 12.02.2024 жылдан 20.02.2024 жылға дейін (қоса алғанда)	
	Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім басқармасының «№ 4 арнайы мектеп-интернаты» КММ арнайы білім беру ұйымының тәрбиешісі-бос лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды
Информация о вакансии:	
регион	Павлодар қаласы/Павлодар облысы
место работы	Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім басқармасының «№ 4 арнайы мектеп-интернаты» КММ Пошталық мекенжайы: индексі 140008 Павлодар қ., Павел Васильев көшесі 17 Байланыс телефоны: 8 (7182) 676174 (қабылдау бөлмесі) Электрондық пошта: guskshi4@mail.ru
количество вакансий	1
Пакет документов кандидатов на вакантную должность:	Конкурсқа қатысушы Педагог «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бекітілген Қағидалардың 153-тармағына сәйкес электрондық немесе қағаз түрінде мынадай құжаттарды жіберуге тиіс (ҚР ағарту Министрінің 15.08.2023 № 259 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.08.2023 № 343 бірлескен бұйрығы): Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жібереді: 154. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жібереді: 1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-Бар болса); 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама

	(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама; 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама; 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса); 11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады. 12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы. 13) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең аз рұқсаты – 720 x 480 болатын өтілі жоқ кандидат үшін бейнепрезентация (өзін-өзі таныстыру).. 155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады. 155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады. 156. Осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады. 157. Мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ құқық бұзушылық туралы сұрау салу жібереді білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі аумақтық департаментіне педагог мәртебесі туралы заңнама. 158. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагог мәртебесі туралы заңнама жасалғаны туралы мәліметтер анықталған кезде педагог кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі.
Арнайы білім беру ұйымының тәрбиешісі лауазымына қойылатын талаптар:	
«Педагог лауазымдарының	Лауазымдық міндеттері: Арнайдың ұйымның тәрбиешісі (аға тәрбиешісі)

**үлгілік біліктілік
сипаттамаларын
бекіту туралы»
Қазақстан
Республикасы Білім
және ғылым
министрінің 2009
жылғы 13 шілдедегі
№ 338 бұйрығы
(жаңа редакцияда -
ҚР Білім Министрінің
07.08.2023 № 249
бұйрығымен)**

140. Лауазымдық міндеттері: әр баланың жеке басын дамыту мақсатында тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімділігін зерделейді, олармен түзету-дамыту жұмысын жоспарлайды және жүргізеді (топпен немесе жеке); әлеуметтік-психологиялық оңалту, әлеуметтік және еңбекке бейімдеу үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін күнделікті жұмыс; тәрбиеленушілердің күн тәртібін орындауын, үй тапсырмаларын дайындауын, қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын ұйымдастырады; оларға оқуға, бос уақытын ұйымдастыруға және қосымша білім алуға көмек көрсетеді; оқушылармен сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысын жүргізеді. оқушылардың жасын ескере отырып, өзіне-өзі қызмет көрсету, жеке гигиена ережелерін сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; медицина қызметкерлерімен бірлесіп тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етеді, олардың психофизикалық дамуына ықпал ететін іс-шаралар жүргізеді, тәрбиеленушілердің ұйымда болған уақытында олардың өмірі мен денсаулығына дербес жауапты болады; дәрігерге дейінгі Алғашқы медициналық көмек көрсетеді; топқа бекітілген мүліктің, әдістемелік әдебиеттің, құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді, Мүкәмалдың, оқу жабдықтарының, ойыншықтардың есебін жүргізеді, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалайды және айқындайды, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін қажетті жағдайлар жасайды, балалардың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізеді; белгіленген есептік құжаттаманың сапалы және уақтылы жасалуын қамтамасыз етеді; интернат ұйымының аға тәрбиешісінің міндеттерін орындау кезінде тәрбиешілердің жұмысына басшылық жасайды, тәрбиешілердің біліктілігін арттыруға, олардың бастамаларын дамытуға ықпал етеді.

141. Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін, «білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Әлеуметтік және медициналық –«Мүгедектігі бойынша және Қазақстан Республикасында асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», «арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» және өзге де нормативтік құқықтық актілер, білім беруді дамытудың айқындаушы бағыттары мен перспективалары; Педагогика және психология негіздері;

	өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарты, Арнаулы педагогика, психология; педагогикалық этика нормалары; педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері; еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрттен қорғау ережелері, санитарлық ережелер мен нормалар. 142. Біліктілікке қойылатын талаптар: «Арнайы педагогика» немесе техникалық және кәсіптік білім беру бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе қайта даярлауды растайтын құжат немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды; және (немесе) біліктіліктің орта және жоғары деңгейі болған кезде: педагог-модератор үшін - кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін-кемінде 4 жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі; және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандық бойынша жұмыс өтілі – кемінде 5 жыл. 143. Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып біліктілікке қойылатын талаптар: 1) «педагог-модератор»: «педагог» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға жауап беруі тиіс, бұдан басқа: тұлғаға бағытталған тәрбие мен оқыту технологияларын пайдалану; тәрбие процесінде тұрақты оң нәтижелерді қамтамасыз ету; әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысу, білім беру ұйымы шеңберінде жұмыс тәжірибесін жинақтау; 2) «педагог-сарапшы»: «педагог-модератор» біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ: тәрбиеленушілерді тәрбиелеу әдістемесін өз бетінше әзірлеу; тәрбие жұмысын талдау әдістерін, диагностикалық жұмыстың ұйымдастырушылық нысандарын пайдалану; аудан/қала деңгейінде шығармашылық семинарларға жетекшілік ету; 3) «педагог-зерттеуші»: «педагог-сарапшы» біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ: ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдану; жаңа педагогикалық технологияларды, тәрбие әдістемелерін әзірлеу; оларды апробациялау, облыс деңгейінде педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша жұмыс жүргізу; тәрбие мен оқыту саласындағы өзекті мәселелерді әзірлеу бойынша шығармашылық топтарға жетекшілік ету; 4) «педагог-шебер»:
--	--

	«педагог-зерттеуші» біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ: эксперименттік жұмыс жүргізу; жаңа педагогикалық технологияларды, тәрбие әдістемелерін әзірлеу; оларды байқаудан өткізу, республикалық (халықаралық) деңгейде педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша жұмыс жүргізу.
Еңбекақы	1 ставка=25 сағат (Еңбек мөлшері мен жағдайлары «азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (өзгерістермен қоса ҚР Үкіметінің 22.02.2023 № 149; 24.11.2023 № 1040 қаулыларымен) сәйкес айқындалады